

Әулікөл ауданының 2008 жылы әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Әулікөл ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 26 наурыздағы № 61 қаулысы. Қостанай облысы Әулікөл ауданының Әділет басқармасында 2008 жылғы 4 сәуірде № 9-7-71 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Әулікөл ауданының әкімдігінің 2009 жылғы 21 қаңтардағы № 10 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Әулікөл ауданының әкімдігінің 2009.01.21 № 10 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 4-бабы 2-тармағының 5) тармақшасына, 5, 7, 18-1 баптарына, Әулікөл ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 31 қаңтардағы № 23 "Әулікөл ауданында 2008 жылға тұрғындардың нысаналы топтарының тізбесін бекіту туралы" (тіркеу № 9-7-67) қаулысына сәйкес және жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын беретін жұмыс берушілердің ұсынған тапсырысының негізінде Әулікөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әулікөл ауданы тұрғындарының нысаналы топтары үшін 2008 жылы әлеуметтік жұмыс орындары белгіленсін: "Москалевское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен - 6 адам, "Черниговское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен - 5 адам, "Тимофеевка-Агро" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен - 4 адам, Қостанай облысы әкімдігінің Қостанай облысы денсаулық сақтау департаментінің "Әулікөл аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнынан - 8 адам.

2. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру мөлшері белгіленген шарт бойынша жұмыс жалғасы алты ай шегінен аспаса, аудандық бюджет қаражаты есебінен төленеді.

3. Жұмыс берушілердің әлеуметтік жұмыс орнына жұмысқа орналасқан жұмыссыздардың еңбекақы төлемі, әлеуметтік салық төлемі, Мемлекеттік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымы және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген еңбекақы мөлшерін тағайындау және төлеу бойынша банк қызметі үшін комиссиялық сыйақы төлеу шығыны жұмыс берушілердің есепшотынан аудару жолымен өтеледі.

4. Әуликөл ауданының әкімдігінің 2007 жылғы 3 сәуірдегі № 48 "Әуликөл ауданында 2007 жылы жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын беретін ұйымдардың тізбесі туралы" (тіркеу № 9-7-55, "Әуликөл" газетінде 2007 жылғы 26 сәуірдегі № 16 жарияланған) қаулысының күші жойылды деп есептелсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Нұғманова Роза Сыздыққызына жүктелсін.

6. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он түнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ә у л и е к ө л

ауданының әкімі

Б. Ғаязов